МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
МАҢҒЫСТАУ АУДАНЫ БОЙЫНША
БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
«ШЕТПЕ ГИМНАЗИЯСЫ»
КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ШЕТПИНСКАЯ ГИМНАЗИЯ»
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ
ПО МАНГИСТАУСКОМУ РАЙОНУ
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ

**БҰЙРЫҚ** **ПРИКАЗ**

30.11.2023ж. № 86/1-нқ

Шетпе селосы село Шетпе

**Ішкі есепке оқушыларды алу туралы**

«Шетпе гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде оқушылар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында,
**БҰЙЫРАМЫН:**

1. 30.11.2023ж. күнгі құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында өткізілген отырыстың №3 хаттамасы негізінде төменде аталған оқушы мектептің ішкі есебіне алынсын.

1.1. Бөлекбаева Аягөз – 6 сынып;

2. Аталған оқушымен алдағы уақытта жеке жұмыс жүргізіп, сабаққа қатысын қарап, құжаттарын жинау ДТЖО С.Аманқосоваға тапсырылсын.
3. Оқушының мінез құлқын, тәртібі мен іс-қимылдарын зерттеу мектеп психологі Ж.Есбергеноваға міндеттелсін.
4. Оқушының білім сапасын қадағалау ДОІЖО Г.Мұттахиқызына жүктелсін.
5. Осы бұйрықтың орындалысына бақылау басшылық жасауды өзіме қалдырамын.

**Негіз:** 30.11.2023ж. күнгі құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында өткізілген отырыстың №3 хаттамасы.

**Гимназия директоры:** **Г.Нурмагамбетова**

МО

000544

Сканировано с CamScanner

| | |
|---|---|
| МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ<br>БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ<br>МАҢҒЫСТАУ АУДАНЫ БОЙЫНША<br>БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ<br>«ШЕТПЕ ГИМНАЗИЯСЫ»<br>КОММУНАЛДЫҚ<br>МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ | КОММУНАЛЬНОЕ<br>ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ<br>«ШЕТПИНСКАЯ ГИМНАЗИЯ»<br>ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ<br>ПО МАНГИСТАУСКОМУ РАЙОНУ<br>УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ<br>МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ |
| **БҰЙРЫҚ** | **ПРИКАЗ** |

26.10.2023ж № 79/1 - нқ

Шетпе селосы — село Шетпе

**Ішкі есепке оқушыларды алу туралы**

«Шетпе гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде оқушылар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында,
**БҰЙЫРАМЫН:**

5. 26.10.2023ж. күнгі құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында өткізілген отырыстың №2 хаттамасы негізінде төменде аталған оқушылар мектептің ішкі есебіне алынсын.
   - 5.1. Ғалым Береке – 10 сынып;
   - 5.2. Төлеп Гүлдана - 10 сынып;
   - 5.3. Хамзе Шыңғыс – 8 сынып;
6. Аталған оқушылармен алдағы уақытта жеке жұмыс жүргізіп, құжаттарын жинау ДТЖО С.Аманқосоваға тапсырылсын.
7. Оқушылардың мінез құлқын, тәртібі мен іс-қимылдарын зерттеу мектеп психологі Ж.Есбергеноваға міндеттелсін.
8. Оқушылардың білім сапасын қадағалау ДОІЖО Г.Мұттахиқызына жүктелсін.
9. Осы бұйрықтың орындалысына бақылау басшылық жасауды өзіме қалдырамын.

**Негіз:** 26.10.2023ж. күнгі құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында өткізілген отырыстың №2 хаттамасы.

**Гимназия директоры: Г.Нурмагамбетова**

МО

000531

Сканировано с CamScanner

**Бекітемін:**
**«Шетпе гимназиясы» КММ**
**директоры: Г. Нұрмағамбетова**

## Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесінің 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспары

**Кеңес мақсаты:** Кәмелетке толмағандардың заңға мойынсынушылық мінез-құлқын қалыптастыру, оларға адамгершілік және салауатты өмір салты негіздерін дарыту. Алдын алу кеңесі құқық бұзушылықтың алдын алу процесінің тиімділігін қамтамасыз ету үшін мектеп әкімшілігінің, мұғалімдердің, ата-аналардың немесе оларды алмастыратын адамдардың, қоғамдық ұйымдардың күш-жігерін біріктіреді.

**Алдын алу Кеңесі қызметінің міндеттері:**

- оқушылар арасындағы құқық бұзушылық проблемаларының жай-күйіне мониторинг жасау;
- құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша жүйені құру және жұмысты ұйымдастыру;
- кәмелетке толмағандардың қадағалаусыз қалуына, олардың қылмыс, құқық бұзушылық, қоғамға жат іс-әрекеттер жасауына ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою;
- әлеуметтік қауіпті жағдайдағы кәмелетке толмағандарды әлеуметтік-педагогикалық оңалту;
- кәмелетке толмағандарды қылмыстық немесе қоғамға қарсы қызметке тарту жағдайларын анықтау және жолын кесу.

| Кеңес отырыстарының тақырыптары мен қаралатын мәселелер | | | |
|---|---|---|---|
| **№** | **Отырыста қаралатын мәселелер** | **Мерзімі** | **Жауаптылар** |
| | №1 отырыс:<br>1. Алдын алу Кеңесінің 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспарымен танысу;<br>2. Оқушыларды мектепішілік есепке қою және есептен шығару ережелері туралы ережемен таныстыру.<br>3. Мектеп инспекторымен мектеп жұмысының бірлескен жоспарын бекіту; | қыркүйек | ДТЖО С. Аманқосова<br>Психолог Ж. Есбергенова<br>Әлеуметтік педагог<br>Сынып жетекшілер |
| | № 2 отырыс:<br>1. Құқықтық тәрбие бойынша жұмыс жүргізу<br>2.Мектепішілік есепте тұратын оқушылар жайлы<br>Қыздардың үлгерімі мен тәртібі туралы | қазан | ДТЖО С. Аманқосова<br>Психолог Ж. Есбергенова<br>Әлеуметтік педагог<br>Сынып жетекшілер<br>Қыздар клубының жетекшісі |
| | №3 отырысы<br>1. Сабақтан көп қалатын оқушыларға лекция түрлерін оқу, үнемі қадағалап отыру.<br>2.Ұлдар тәрбиесі<br>3.Рейд жүргізу туралы ақпарат | Қараша | ДТЖО С. Аманқосова<br>Психолог Ж. Есбергенова<br>Әлеуметтік педагог<br>Сынып жетекшілер |

Сканировано с CamScanner

| | | | |
|---|---|---|---|
| | №4 отырыс:<br>1. Зорлық-зомбылық туралы апталықтың қорытындысы<br>2.Бақылауда тұрған оқушылардың қысқы демалысын ұйымдастыру жұмыстары<br>3.Нашақорлық – қоғам дерті, жоғары сынып оқушыларымен жүргізілген жұмыстар | Желтоқсан | ДТЖО С. Аманқосова<br>Психолог Ж. Есбергенова<br>Әлеуметтік педагог<br>Сынып жетекшілер |
| | №5 отырыс:<br>1. 1-11 сынып оқушыларының сабаққа қатысуын талдау<br>2. Оқу тәртібін бұзушыларды тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы.<br>3. Құқықтық жалпы білім | Қантар | ДТЖО С. Аманқосова<br>Психолог Ж. Есбергенова<br>Әлеуметтік педагог<br>Сынып жетекшілер |
| | №6 отырыс:<br>1.«Оқушылардың сабақтан тыс уақытын тиімді ұйымдастыру – құқықбұзушылықтың алдын алудың ең басты жолы» ата-аналар мен мұғалімдер арасында дөңгелек үстелдің қорытындысы<br>2.Қаңғыбастылыққа бейім оқушыларды анықтау жөнінде ақпарат | Ақпан | ДТЖО С. Аманқосова<br>Психолог Ж. Есбергенова<br>Әлеуметтік педагог<br>Сынып жетекшілер |
| | №7 отырыс:<br>1.Оқушылардың көктем каникулын ұйымдастыру жұмыстары<br>2. Кәмелетке толмағандар арасында қылмыс пен құқық бұзушылықтың жай-күйі туралы ақпарат | Наурыз | ДТЖО С. Аманқосова<br>Психолог Ж. Есбергенова<br>Әлеуметтік педагог<br>Сынып жетекшілер |
| | №8 отырыс:<br>1. Әлеуметтік нормалар және бейәлеуметтік мінез-құлық (қылмыс, нашақорлық, маскүнемдік);<br>2. 14-жасқа толған кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауапкершілігі; | Сәуір | ДТІЖО С. Аманқосова<br>Психолог Ж. Есбергенова<br>Әлеуметтік педагог<br>Сынып жетекшілер |
| | № 10 отырыс:<br>1.Бақылауда тұрған оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру жұмыстары<br>2. Құқықбұзушылықтың алдын алу Кеңесінің 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспары орындалуы | мамыр | ДТЖО С. Аманқосова<br>Психолог Ж. Есбергенова<br>Әлеуметтік педагог<br>Сынып жетекшілер |

ДТЖО: С. Аманқосова

Сканировано с CamScanner

## Оқушыларды мектепішілік есепке қою және мектепішілік есептен шығару туралы ереже

### I. Жалпы ереже

1.1.Осы Ереже балалар мен жасөспірімдердің бейәлеуметтік жүріс-тұрыстарының алдын алу бойынша шаралар кешенін жүзеге асырады,білім беру ұйымдарында әлеуметтік қауіпті жағдайдағы және жеке жұмыс жасауды талап ететін оқушыларды ішкі есепке тұрғызу ережесін реттейді.

1.2. Мектепішілік есепте көрсетілген топтардағы оқушыларды ерте кезеңде анықтау және оларға жеке алдын алу (түзету) көмегін көрсету мақсатында жүргізіледі.

1.3.Мектепішілік есепке алу жұмысының мақсаты -алдын алу жұмысы сапасын жақсартуға қажетті барлық тиімді объективті жағдайларды жасау, білім беру ұйымдарында білім алушыларды әлеуметтік және құқықтық қорғау. 1.4. Осы ереже білім алушыларды мектепішілік есепке қою және есептен шығару ережесін реттейді.

### II. Негізгі мақсаттары мен міндеттері

2.1 Мектепішілік есеп мектепішілік бейімделмеуді, оқушылардағы бейәлеуметтік жүріс-тұрысты ерте кезеңде диагностикалау, білім алушыларды бақылау және оларға уақытында әлеуметтік-педагогикалық көмек көрсету үшін жүргізіледі.

**2.2 Негізгі міндеттері:**

- кәмелетке толмағандардың қоғамға қарсы іс-әрекеттерінің, құқық бұзушылық, бақылаусыздық, қаңғыбастылықтың алдын алу, ескерту;
- кәмелетке толмағандардың заңды құқықтары мен қызығушылықтарын қорғауды қамтамасыз ету;

-әлеуметтік қауіпті жағдайда тұрған немесе әлеуметтік жетімдік бойынша тәуекел топтағы балаларды дер кезінде анықтау;

-сабақ оқуға ынтасы жоқ, тәртібінде ауытқулары бар жасөспірімдерге әлеуметтік-психологиялық, педагогикалық көмек көрсету, қолдау;

-балаларды тәрбиелеу мен оқытуда отбасыларға мекенжайлық жеке көмек көрсету.

### III. Мектепішілік есепке қою және тіркеуден шығару қызметін ұйымдастыру

3.1.Мектепішілік есепке қою және тіркеуден шығару туралы шешім құқықбұзушылық Кеңестің отырыстарында қабылданады.

3.2. Мектепішілік есепке қою және тіркеуден шығару сынып жетекшісінің, әлеуметтік педагогтың, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарының пікірі, айтуы бойынша жүзеге асады. (1 қосымша)

3.3.Кәмелетке толмаган тұлганы мектепішілік есепке қою үшін құқық бұзушылық Кеңесінің отырысы болардан 3 күн бұрын директордың тәрбие ісі бойынша орынбасарына келесі құжаттар ұсынылады:

1) Кәмелетке толмаган тұлгаға мінездеме.

2) Сынып жетекшісінің алдын алу жұмысы бойынша жасөспіріммен және оның ата-анасымен (заңды тұлгасымен) жүргізген жұмысы туралы анықтама.

3) Отбасының тұрмыстық жагдайын тексеру актісі (қажетіне байланысты).

4) Көмек көрсетуін өтінген жасөспірімнің ата-анасының (заңды тұлғасының) өтініші.

3.4.Құқық бұзушылық Кеңесінің отырысында жасөспіріммен және оның атаанасымен жүргізілетін жұмыстар жоспары талқыланады және бекітіледі, жоспарланған шараларды орындау мерзімін белгілейді әрі жауапты тұлғалар тағайындалады.

3.5. Сынып жетекшісі құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі отырысына жасөспірімді мектепішілік есепке қою туралы ескерту үшін ата-анасын отырысқа шақырады, сонымен

Сканировано с CamScanner

жасөспірімнің баруына себеп болған себептерді, шарттарды жойғанға дейін жүргізіледі. Сынып жетекшісі әлеуметтік педагогпен, педагог-психологпен бірлесіп осы жасөспіріммен жүргізілетін жеке алдын алу жоспарын құрады. Оқушыға жеке зерттеу және бақылау есеп карточкасы ашылады. Карточканы әлеуметтік педагог, педагог-психолог және сынып жетекшісі өзара бірлесіп жүргізеді, қажет болған жағдайда осы топтағы жасөспірімдерді тәрбиелеу жұмысына қатысы бар өзге де қызметкерлерді де осы оқушымен жұмысқа тарта алады. Сынып жетекшісі жасөспірімнің сабақ уақытындағы, сыныптан тыс кездегі қызметін бақылап отырады, алдына алу жұмыстарын жүргізеді. Сынып жетекшісі осы мектепішілік есепте тұрған оқушымен атқарылған жұмыстардың сараптамасын жасайды. Сынып жетекшісі жасөспірімге қатысты бақылау жұмыстардың нәтижесін (сабақ босату, тәртіп бұзу) ата-анасына міндетті түрде жеткізіп отырады. Егер бірнеше рет сабақ босату, сабаққа дайындалмау жүйелі түрде үнемі қайталанатын болса ата-ана баласымен бірге құқық бұзушылық Кеңесі отырысына шақырылып, келесі сұрақтар қаралады:

-жасөспірімді оқыту мен тәрбиелеуге байланысты ата-аналық міндеттерді орындамау;

-кәмелетке толмағанның білім алудан бас тартуы (сабаққа келмеу, үй тапсырмасын орындамау, сабақ үстінде жұмыс істемеу).

Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесінің мектеп әкімшілігінің алдында өтініш жасауға құқығы бар:

-тоқсан бойы оқушымен жеке қосымша сабақтар өткізу кестесін құруға;

-каникул уақытында оқушымен жеке қосымша сабақтар өткізу кестесін құруға;

-пәндер бойынша орындауға тиісті тапсырмаларды тапсыру уақытын белгілеу және оның орындалысын қадағалауға;

-ұзақ уақыт бойы емделіп жатқан немесе аса қауіпті әлеуметттік жағдайда тұрған кәмелетке толмағандар үшін оқу жылы мерзімін немесе оқу тоқсанын аяқтау мерзімін ауыстыруға.

Егер ата-аналар мектептің ұсынған көмегінен бас тартып, өздері баласының мәселесімен айналыспаса, мектеп әкімшілігі Кәмелетке толмағандар ісі және олардың құқығын қорғау комиссиясына өтініш жасау туралы шешім қабылдайды:

-спирттік ішімдіктерді, есірткілік, психотроптық құралдарды пайдаланушы жасөспірімдермен, әкімшілік жауапкершілікке тартылған немесе арнайы оқу-тәрбие орындарынан, жабық типтегі емдеу-тәрбиелеу орындарынан келген жасөспірімдермен алдын алу жұмысын жүргізу туралы;

-әкімшілік жауапкершілікке тартылуға тиіс ісі үшін жасөспірімге қатысты материалдарды қарауға;

-мектепішілік есепте тұрған жасөспірімдерге қосымша білім беру сабақтарын ұйымдастыруға көмек сұрауға;

- мектепішілік есепте тұрған жасөспірімдерге жазғы демалыс пен бос уақытын қамтамасыз етуді ұйымдастыруға көмек сұрауға;

-15 жасқа толған жасөспірімдерді білім беру ұйымынан шығару ,оқытудың басқа түріне ауыстыру немесе басқа білім беру ұйымына ауыстыру туралы.

## VII. Ереженің орындалуын бақылау

7.1. Осы қызметті жүргізу және бақылау жауапкершілігі, білім алушыларды мектепішілік есепке қою және есептен шығару, қажетті құжаттарды рәсімдеуді білім беру ұйымының әлеуметтік педагогі жүргізеді.

7.2. Жүргізілген жұмыс сапасын осы Ережеге сәйкес бақылау жауапкершілігі білім беру ұйымы директорының тәрбие ісі бойынша орынбасарына жүктеледі.

Сканировано с CamScanner

бірге егер кейбір себептермен отырысқа келе алмаған ата-аналар болса, Кеңес отырысының шешімдері туралы жасөспірімнің ата-анасын ақпараттандырады, яғни, ресми қағазбен отырыс хаттамасының нөмірі, өткізілген күні, мектепішілік есепке тіркеу себептері немесе мектепішілік есептен шығару туралы жазылған ескертпе-хабарлама жібереді.

3.6. Әлеуметтік педагог мектепішілік есепте, ІІБ есепте тұрған оқушылар туралы мәліметтер базасын жасайды және жүргізеді.

3.7. Әлеуметтік педагог ай сайын мектепішілік есепте, ІІБ есепте тұрған оқушылар тізіміне салыстыру жүргізеді, толықтырады немесе азайтады.

3.8.Кәмелетке толмағанды мектепішілік есептен шығару үшін құқық бұзушылық Кеңесімен тағайындалған жауапты тұлға жасөспіріммен және оның ата-анасымен жүргізілген шаралар туралы, міндетті түрде оның нәтижесі туралы, басқа да ұсыныстарымен ақпарат береді.

3.9.Жасөспірімді педагогикалық қолдау, психологиялық-әлеуметтік көмек көрсету мақсатында жүргізілетін мектепішілік есепке қоярда мектеп директорының бұйрығымен педагогтар ұжымынан жауапты тұлға тәлімгер тағайындалады. Тәлімгер білім алушыны мектепішілік есептен шығарғанға дейін онымен жұмыс жоспарын құрады, оқушымен жасаған алдын алу, атқарылған жұмыстары туралы Кеңес отырыстарында есептер жасайды (қажетіне байланысты).

## IV.Мектепішілік есепке қою негіздері

Мектепішілік есепке қоюға негіз болып табылады:

-сабаққа қатыспау немесе жүйелі түрде себепсіз сабақты босататындар (5-7 күн);

-қауіпті әлеуметтік жағдайдағы балалар: қаңғыбастылық, бақылаусыздық, қадағалаусыздық, қайыр сұрау;

-психоактивті заттарды, есірткі құралдарын пайдалану, спирттік ішімдіктерді қолдану, темекі шегу;

-бейресми бірлестіктерге, қоғамқа қарсы бағыттағы ұйымдарға қатысу, деструктивті діни ұйымдарға бару;

-әкімшілік құқық бұзушылық; -мектептің ішкі тәртіп Ережесін жүйелі бұзу (үнемі үй тапсырмасын орындамау, сабақта жұмыс істеуден бас тарту, оқу құралдарының, дәптер, кітаптарының болмауы, сабақтағы тәртіпсіздік, төбелес, дөрекілік көрсету, әдепсіз сөздер айту және т.б.);

-кәмелетке толмаған ІІБ есепте тұрған жағдайда.

## V. Мектепішілік есептен шығару негіздері

5.1.Жасөспірімнің тәртібінің түзелуі, жасөспірімде бірнеше уақытқа созылған (кем дегенде 3 ай) жағымды өзгерістердің болуы, өмір жағдайының жақсаруы. Сонымен бірге жасөспірім келесі себептермен есептен шығарылады:

-оқу орнының ауысуы, мектептен шығу немесе мектепті аяқтау;

-тұрғылықты жерінің ауысуы;

-басқа да объективті себептер.

5.2. ІІБ-нен түзелуіне байланысты жағымды мінездемесімен жасөспірімді Ішкі істер бөлімінен есептен шығарғандығы туралы ақпарат келгенде (ІІБ жасөспірім есепте 1 жылға дейін тұратындығын ескеру қажет, 1 жылдан кейін мерзімінің өтуіне байланысты есептен шығарылады)

## VI. Жеке алдын алу жұмысын жүргізу реті

Жасөспірімге қатысты жеке алдын алу жұмыстары кәмелетке толмаған адамға әлеуметтік және басқа да көмекті көрсету қажеттілігі болған мерзімде жүргізіледі немесе қаңғыбастылыққа, қараусыздыққа, құқық бұзушылыққа, қоғамға қарсы әрекеттерге

Сканировано с CamScanner

**Хаттама №1**

21.09.2023 ж. күні «Шетпе гимназиясы» КММ-де Құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесінің жиналысы болып өтті.

Қатысуға тиісті: 12
Қатысқандар: 12

**Күн тәртібінде:**

1. Алдын алу Кеңесінің 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспарымен танысу;

2. Оқушыларды мектепішілік есепке қою және есептен шығару ережелері туралы ережемен таныстыру.

3. Мектеп инспекторымен мектеп жұмысының бірлескен жоспарын бекіту;

**Тыңдалды:**

Алдын алу Кеңесінің 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспарымен танысу – С. Аманқосова. 2023-2024 оқу жылында құқықбұзушылықтың алдын алу бағытында жұмыс жоспары жасалып бекітілді. Осы кеңесте балалар есепке алынып, есептен шығарылып отырады. Әр ай сайын соңғы бейсенбіде кеңес отырысы өтеді.

**Сұрақ, сөйлеу болған жоқ.**

**Қаулы етті:**

1. Алдын алу Кеңесінің 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспары таныстырылды деп табылсын;
2. Кеңестің уақытында өтуін қадағалау ДТЖО С. Аманқосоваға міндеттелсін;

**Тыңдалды:**

Оқушыларды мектепішілік есепке қою және есептен шығару ережелері туралы ережемен таныстыру – С. Аманқосова. Негізгі мақсаты - Мектепішілік есеп мектепішілік бейімделмеуді, оқушылардағы бейәлеуметтік жүріс-тұрысты ерте кезеңде диагностикалау, білім алушыларды бақылау және оларға уақытында әлеуметтік-педагогикалық көмек көрсету үшін жүргізіледі. Мектепішілік есепке қою және тіркеуден шығару туралы шешім құқықбұзушылық Кеңестің отырыстарында қабылданады. Мектепшілік есепке төмендегі жағдайларда алынады: Мектепішілік есепке қоюға негіз болып табылады:

-сабаққа қатыспау немесе жүйелі түрде себепсіз сабақты босататындар (5-7 күн);

-қауіпті әлеуметтік жағдайдағы балалар: қаңғыбастылық, бақылаусыздық, қадағалаусыздық, қайыр сұрау;

-психоактивті заттарды, есірткі құралдарын пайдалану, спирттік ішімдіктерді қолдану, темекі шегу;

-бейресми бірлестіктерге, қоғамқа қарсы бағыттағы ұйымдарға қатысу, деструктивті діни ұйымдарға бару;

-әкімшілік құқық бұзушылық; -мектептің ішкі тәртіп Ережесін жүйелі бұзу (үнемі үй тапсырмасын орындамау, сабақта жұмыс істеуден бас тарту, оқу құралдарының, дәптер, кітаптарының болмауы, сабақтағы тәртіпсіздік, төбелес, дөрекілік көрсету, әдепсіз сөздер айту және т.б.);

-кәмелетке толмаған ІІБ есепте тұрған жағдайда

**Сұрақ, сөйлеу болған жоқ**

**Қаулы етті:**

1. Оқушыларды мектепішілік есепке қою және есептен шығару ережелері туралы ереже таныстырылды деп табылсын;
2. Оқушыларды мектепішілік есепке қою және шығару жүйелі жүргізілсін;
3. Бақылау-басшылық жасау ДТЖО С. Аманқосоваға міндеттелсін;

Сканировано с CamScanner

**Тыңдалды:**

Мектеп инспекторымен мектеп жұмысының бірлескен жоспарын бекіту – С. Аманқосова. Аудандық ІІБ бірлескен жоспар жасақталды. Құқықбұзушылықтың алдын алу, кешкі рейдтер қамтылған.

**Сұрақ, сөйлеу болған жоқ.**

**Қаулы етті:**

1. Мектеп инспекторымен мектеп жұмысының бірлескен жоспарын бекітілсін;
2. Жұмысты жүйелі жүргізу және бақылау-басшылық жасау ҚББП С. Аманқосоваға міндеттелсін;

**Жиналыс төрайымы:** **С. Аманқосова**
**Хатшы:** **С. Жайлауқызы**

Сканировано с CamScanner

**Хаттама №2**

26.10.2023 ж. күні «Шетпе гимназиясы» КММ-де **Құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесінің** жиналысы болып өтті.

Қатысуға тиісті: 12
Қатысқандар: 12

**Күн тәртібінде:**

1. Құқықтық тәрбие бойынша жұмыс жүргізу
2. Мектепішілік есепте тұратын оқушылар жайлы
3. Қыздардың үлгерімі мен тәртібі туралы

**Тыңдалды:**

Құқықтық тәрбие бойынша жұмыс жүргізу – ДТЖО С. Аманқосова. Құқықтық тәрбие бойынша күнделікті оқушылардың сабаққа қатысы мен кешігуі қадағаланып отыр. І тоқсан қорытындысы бойынша сабаққа үнемі кешігіп келетін оқушылар анықталды: 10-сынып Ғалым Береке мен Төлеп Гүлдана, 8-сынып Хамзе Шыңғыс.

**Сөйлеу:**

Бекболатова Ж. – Хамзе Шыңғыстың анасымен сөйлестім. Анасы таңертең ерте оятамын, өзі үйден шығып болмайды деді.

**Қаулы етті:**

1. Құқықтық тәрбие бойынша жұмыс жүргізу **таныстырылды деп табылсын;**
2. 10-сынып оқушылары: Ғалым Береке мен Төлеп Гүлдана, 8-сынып оқушысы Хамзе Шыңғыс мектепішілік есепке алынсын;
3. Аталған оқушылармен жан-жақты жұмыс жүргізу сынып жетекшісіне, психологқа тапсырылсын;
4. Бақылау-басшылық жасау ДТЖО С. Аманқосоваға міндеттелсін;

**Тыңдалды:**

Мектепішілік есепте тұратын оқушылар жайлы – ДТЖО. Биылғы оқу жылында мектепішілік есепке алынған оқушылар жоқ. Былтырғы оқу жылында болған. Жақсы тәртіп, үлгілілігімен есептен шығарылған.

**Сұрақ, сөйлеу болған жоқ**

**Қаулы етті:**

1. Мектепішілік есепте тұратын оқушылар жайлы таныстырылды деп табылсын;

**Тыңдалды:**

Қыздардың үлгерімі мен тәртібі туралы – қыздар жетекшісі Э. Дюсембаева. 2023-2024 оқу жылында қыздар кеңесі құрылды. Жиналыс өткізіліп, оқушылардан қыздар жетекшісі болып 10-сынып оқушысы Рахат Зәуре тағайындалды. Мектеп формасы, қыздар тәртібі туралы түсінік берілді.

**Сұрақ, сөйлеу болған жоқ.**

**Қаулы етті:**

1. Қыздардың үлгерімі мен тәртібі туралы таныстырылды деп табылсын;
2. Қыздар ұйымының жұмысын жүйелі жүргізу жетекшісі Э. Дюсембаеваға тапсырылсын;
3. Бақылау-басшылық жасау ДТЖО С. Аманқосоваға міндеттелсін;

**Жиналыс төрайымы:** **С. Аманқосова**
**Хатшы:** **С. Жайлауқызы**

Сканировано с CamScanner

**Хаттама №3**

30.11.2023 ж. күні «Шетпе гимназиясы» КММ-де Құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесінің жиналысы болып өтті.

Қатысуға тиісті: 12
Қатысқандар: 12

**Күн тәртібінде:**

1.Оқушылардың сабақтан қалу себептері мен олардың алдын- алу жөнінде.
2. Ұлдар тәрбиесі
3. Рейд жүргізу туралы ақпарат

**Тыңдалды:**

Оқушылардың сабақтан қалу себептері мен олардың алдын- алу жөнінде – ДТЖО С. Аманқосова. Оқушылардың сабаққа қатысы күнделікті тексеріліп, журналға толтырылып отырады. Жарысқа бұйрық арқылы босатылған оқушылар мен ауырып қалып анықтамамен келген оқушылар бар. Себепсіз қалатын оқушылар көп емес. Бірақ бжб, тжб кезінде қалатын оқушылар бар. 6-сынып оқушысы Бөлекбаева Аягөз себепсіз сабақтан бірнеше рет қалған.

**Сөйлеу:**

Сенғалиев Н. – сабаққа келмеген уақытында анасына соғамын, қызулап қалды немесе басы ауырып жатыр деп айтады.

**Қаулы етті:**

1. Оқушылардың сабақтан қалу себептері мен олардың алдын- алу жөнінде таныстырылды деп табылсын;
2. 6-сынып оқушысы Бөлекбаева Аягөз мектепішілік есепке алынсын;
3. Аталған оқушымен жан-жақты жұмыс жүргізу сынып жетекшісіне, психологқа тапсырылсын;
4. Бақылау-басшылық жасау ДТЖО С. Аманқосоваға міндеттелсін;

**Тыңдалды:**

Ұлдар тәрбиесі – ұлдар жетекшісі Б. Қанатбаев. 2023-2024 оқу жылында ұлдар кеңесі құрылды. Жиналыс өткізіліп, оқушылардан ұлдар жетекшісі болып 11-сынып оқушысы Достанұлы Ринат тағайындалды. Ұлдар жиналысында құқықбұзушылықтың алдын алу, зиянды әдеттерге жоламау, электронды темекінің зияны т.б. мәселелер туралы айтылып өтті.

**Сұрақ, сөйлеу болған жоқ.**

**Қаулы етті:**

1. Ұлдар тәрбиесі таныстырылды деп табылсын;
2. Ұлдар ұйымының жұмысын жүйелі жүргізу жетекшісі Б. Қанатбаевқа тапсырылсын;
3. Бақылау-басшылық жасау ДТЖО С. Аманқосоваға міндеттелсін;

**Тыңдалды:**

Рейд жүргізу туралы ақпарат – ДТЖО С. Аманқосова. Әр ай сайын мектепішілк рейд жүргізіліп отырады. Оқушылардың тазалығы, күнделігі, телефон жәшігі, кітап қаптауы тексеріледі. Кеткен кемшіліктер сынып жетекшілеріне ескертіліп отыр. Қажетіне қарай электронды темекіге рейд жүргізілді. Рейд барысында ештеңе табылмады.

**Сұрақ, сөйлеу болған жоқ**

**Қаулы етті:**

1. Рейд жүргізу туралы ақпарат таныстырылды деп табылсын;
2. Ай сайын рейдті жүйелі жүргізу ДТЖО, кітапханашы, психологқа тапсырылсын;
3. Бақылау-басшылық жасау ДТЖО С. Аманқосоваға міндеттелсін;

***Жиналыс төрайымы:*** **С. Аманқосова**
***Хатшы:*** **С. Жайлауқызы**

Сканировано с CamScanner

1. Бақылауда тұрған оқушылардың қысқы демалысын ұйымдастыру жұмыстары таныстырылды деп табылсын;
2. Жұмыстар жүйелі жүргізілсін;
3. Бақылау-басшылық жасау ДТЖО С. Аманқосоваға міндеттелсін;

**Тыңдалды:**

Нашақорлық – қоғам дерті, жоғары сынып оқушыларымен жүргізілген жұмыстар – ДТЖО С. Аманқосова. 17.10.2023 ж. күні «Шетпе гимназиясы» КММ-де «Прокурор сағаты» өткізілді. Шараға Маңғыстау ауданы прокуратурасының прокуроры Г. Берішбаева, жасөспірімдер бойынша инспектор, полиция капитаны Г. Абдуалиевна, аудандық білім бөлімі әдіскері А. Базарбай және мектеп әкімшілігі мен оқушылар қатысты. Іс-шараның мақсаты – кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында нашақорлық, синтетикалық есірткі түрлері психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынудың алдын алу, темекінің зияндылығы туралы ақпараттар алмасып, салауатты өмір салтын ұстану және насихаттау, бейнероликтер көрсету, жадынамалар тарату болып табылады. Шара барысында Маңғыстау ауданы прокуратурасының прокуроры Г. Берішбаева оқушыларға жасөпірімдер арасында психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынудың зияны, оның салдары мен тұтынудың өлімге әкелетіні, нашақорлықтың алдын-алу шаралары туралы айтып өтті. Бұдан бөлек жасөспірімдер бойынша инспектор Г. Абдуалиевна электронды темекіні тұтынудың зияны, денсаулыққа әсер етіп, соңы нашақорлыққа ұласып кетуі мүмкін екенін жеткізді.

Шара барысында оқушыларға нашақорлық пен есірткінің алдын алу және қауіп қатері туралы бейнероликтер көрсетіліп, жадынамалар таратылды. 5.12 күні Кәмелетке толмағандар жөнінде мектеп инспекторы С. Кенжеахметова Жасөспірімдер арасында кездесетін қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын-алу, нашақорлықпен күрес, жол-көлік оқиғасының алдын алу туралы айтып өтті. Қылмыс дегеніміз не, қандай түрлері, санаттары, Нашақорлықтың ғасыр дерті екенін, наша түрлерін, кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында нашақорлық, синтетикалық есірткі түрлері психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынудың алдын алу, темекінің зияндылығы туралы ақпараттар алмасып, салауатты өмір салтын ұстану және насихаттау, тәуелділікке ұшырағанда не болатынын және жол-көлік оқиғалары, жасөспірімдердің көлік айдамау керектігі, айыппұлдар туралы түсіндірді.

**Сұрақ, сөйлеу болған жоқ**

**Қаулы етті:**

1. Нашақорлық – қоғам дерті, жоғары сынып оқушыларымен жүргізілген жұмыстар таныстырылды деп табылсын;

***Жиналыс төрайымы:*** **С. Аманқосова**

***Хатшы:*** **С. Жайлауқызы**

Сканировано с CamScanner

**Хаттама №4**

28.12.2023 ж. күні «Шетпе гимназиясы» КММ-де Құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесінің жиналысы болып өтті.

Қатысуға тиісті: 12
Қатысқандар: 12

**Күн тәртібінде:**

1. Зорлық-зомбылық туралы апталықтың қорытындысы
2. Бақылауда тұрған оқушылардың қысқы демалысын ұйымдастыру жұмыстары
3. Нашақорлық – қоғам дерті, жоғары сынып оқушыларымен жүргізілген жұмыстар

**Тыңдалды:**

Зорлық-зомбылық туралы апталықтың қорытындысы – психолог Ж. Есбергенова.
"Шетпе гимназиясы" КММ-де психологиялық қызметтің іс-шаралар жоспарына сәйкес "Зорлық - зомбылықсыз 16 күн" науқанының аясында 5 - 9 - сынып оқушылары арасында "Бақытты балалық шақтың аспаны" тақырыбында сурет көрмесі ұйымдастырылды. Негізгі мақсаты: оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, отбасы құндылықтарына тәрбиелеу. Оқушылардың жұмыстары бағаланды. 6-сынып оқушысы Беріkқызы Әсел 1-орын, 9-сынып оқушысы Толыбек Ақшолпан 2-орын, 5-сынып оқушысы Кенжебек Ақбота 2-орын, 6-сынып оқушысы Амандық Айзере 3-орын, 9-сынып оқушысы Кемелхан Айкүн 3-орын, 6-сынып оқушысы Башенова Малика 3-орын иеленді. "Шетпе гимназиясы" КММ -де психологиялық қызметтің іс-шаралар жоспарына сәйкес "Зорлық -зомбылықсыз 16 күн" науқанының аясында 9-11 - сынып оқушыларына "Мен зорлық- зомбылыққа қарсымын" тақырыптарында сынып сағаттары өткізілді. Еліміздің салауатты өмір салтына қол жеткізуде, денсаулықты сақтау мен нығайтудағы басты міндеттің бірі - бала құқығын қорғау, зорлық - зомбылыққа қарсы күрес жүргізу. Осы негізде оқушыларға қазіргі қоғамдағы балаларға қатысты зомбылықтың алдын алуға бағытталған профилактикалық түсіндірме дәріс сабағы беріліп, "Аяқталмаған тезистер" айдары бойынша балалардың да қазіргі қоғамдағы зомбылық туралы өз ойлары тыңдалды. Сынып сағаттарымыз тұлғаны фигуралар арқылы зерттеу С. Деллингердің "Психогеометриялық тест" әдісі арқылы қорытындыланды. "Шетпе гимназиясы" КММ-де психологиялық қызметтің іс-шаралар жоспарына сәйкес "Зорлық - зомбылықсыз 16 күн" науқанының аясында 7 - 11 - сынып оқушылары арасында "Біз салауатты келешек үшін!" тақырыбында волейболдан спорттық жарыс өткізілді. Негізгі мақсаты: сыныптардың бір-бірімен жақсы, достық қарым-қатынас орнатуын, балалардың салауатты өмір салтын ұстануын дамыту. Оқушылар жақсы ойын көрсетіп, нәтижесінде 1-орынды 11-сынып, 2-орынды 8-сынып, 3-орынды 9-сынып оқушылары иеленді. "Шетпе гимназиясы" КММ-де психологиялық қызметтің іс-шаралар жоспарына сәйкес "Зорлық - зомбылықсыз 16 күн" науқанының аясында 5 - 7 - сынып оқушыларына "Егер сен күлсең, бар әлем сенімен бірге күледі" тақырыбында тренинг сабақтар өткізілді. Негізгі мақсаты: оқушыларды бір-бірімен жақсы қарым - қатынас жасауға баулу, таным процестерін дамыту, өзіндік бағалауын жоғарлату және көңіл - күйлерін көтеру, балаларға жайлы, жағымды сезім орнату. Тренинг сабақтар барысында "Үлкен шеңбер", "Сапқа тұру", "Арқадағы сурет" және жұптасу жаттығулары, "Отшашу" сергітуі өткізілді.

**Сұрақ, сөйлеу болған жоқ**

**Қаулы етті:**

1. Зорлық-зомбылық туралы апталықтың қорытындысы таныстырылды деп табылсын;

**Тыңдалды:**

1. Бақылауда тұрған оқушылардың қысқы демалысын ұйымдастыру жұмыстары – сынып жетекшілер. Калбаева С.: менде бақылауда тұрған екі оқушы бар. Демалыс кезінде мұражайға сыныппен баруды жоспарлап отырмыз. Бекболатова Ж.: бақылауда тұрған оқушыммен бірге сынып аралық волейбол ойынын ұйымдастыру жоспарланып отыр.

**Сұрақ, сөйлеу болған жоқ.**

**Қаулы етті:**

Сканировано с CamScanner

**Қаулы етті:**

1. Құқықтық жалпы білім Бала құқығы Конвенциясы таныстырылды деп табылсын;

**Жиналыс төрайымы:** **С. Аманқосова**

**Хатшы:** **С. Жайлауқызы**

Сканировано с CamScanner

**Хаттама №5**

26.01.2024 ж. күні «Шетпе гимназиясы» КММ-де Құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесінің жиналысы болып өтті.

Қатысуға тиісті: 12
Қатысқандар: 11

**Күн тәртібінде:**

1.1-11 сынып оқушыларының сабаққа қатысуын талдау
2. Оқу тәртібін бұзушыларды тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы.
3. Құқықтық жалпы білім

**Тыңдалды:**

1-11 сынып оқушыларының сабаққа қатысуын талдау – ДТЖО С. Аманқосова

Оқушылардың сабаққа қатысы күнделікті тексеріліп отырады. Денсаулығына байланысты қалған оқушылардың анықтамасы жиналып отыр. Себепсіз көп қалатын оқушылар 6-сынып: Бөлекбаева Аягөз. Қыркүйек айы бойынша 34 оқушы сабаққа қатыспаған. 11 сынып бойынша 5 оқушы жоқ болған. 10 сынып бойынша 5 оқушы жоқ болған. 9 сынып бойынша 2 оқушы жоқ болған. 8 сынып бойынша 1 оқушы жоқ болған. 7 сынып бойынша 7 оқушы жоқ болған. 6 сынып бойынша 5 оқушы жоқ болған. 5 сынып бойынша 5 оқушы қатыспаған. 4 сынып бойынша 3 оқушы жоқ болған. 3 сынып бойынша қалған оқушы жоқ. 2 сынып бойынша 1 оқушы. 1 сынып бойынша сабақтан қалғандар жоқ.Қазан айы бойынша 42 оқушы сабаққа қатыспаған. 11 сынып бойынша 4 оқушы жоқ болған. 10 сынып бойынша 11 оқушы жоқ болған. Олардың 1 сұранған, 4 ауырып қалған. 9 сынып бойынша 8 оқушы жоқ болған. Олардың 4 ауырып қалған, 3 сұранған, 2 себепсіз. 8 сынып бойынша 3 оқушы жоқ болған. Олардың 3 ауырып қалған, 1 сауықтыруға кеткен, 1 сұранған. 7 сынып бойынша 6 оқушы жоқ болған. Олардың 1 сұранған, 3 ауырып қалған, 2 себепсіз. 6 сынып бойынша 7 оқушы жоқ болған. Олардың 1 сұранған, 6 ауырып қалған, 1 себепсіз. 4 сынып бойынша 2 оқушы жоқ болған. Олардың 1 сұранған, 1себепсіз. 3 сынып бойынша 1 оқушы қатыспаған. Ол оқушы ауырып қалған. 2 сынып бойынша қалған оқушы жоқ. 1 сынып бойынша сабақтан қалғандар жоқ.

**Сұрақ, сойлеу болған жоқ**

**Қаулы етті:**

1. 1-11 сынып оқушыларының сабаққа қатысуын талдау таныстырылды деп табылсын;
2. Күнделікті оқушылардың сабаққа қатысы тексеріліп, байланыс жасалып отырсын;
3. Бақылау-басшылық жасау ДТЖО С. Аманқосоваға міндеттелсін;

**Тыңдалды:**

Оқу тәртібін бұзушыларды тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы – Сынып жетекшілер. Әр аптаның дүйсенбі күні өткізілетін сынып сағатында оқушыларға жауапкершілік, мүлікке зиян келтірмеу туралы түсіндіріліп отыр. Пән мұғалімдері тарапынан оқушылардың үстінен түскен шағымдар жоқ

**Сұрақ, сойлеу болған жоқ.**

**Қаулы етті:**

1. Оқу тәртібін бұзушыларды тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы таныстырылды деп табылсын;
2. Жұмыстар жүйелі жүргізілсін;
3. Бақылау-басшылық жасау ДТЖО С. Аманқосоваға міндеттелсін;

**Тыңдалды:**

Құқықтық жалпы білім Бала құқығы Конвенциясы – ДТЖО С. Аманқосова. Кеңес мүшелерін бала құқығы Конвенциясының 9,19,37,39 баптарымен таныстырды.

**Сұрақ, сойлеу болған жоқ.**

Сканировано с CamScanner

**Маңғыстау облысының білім басқармасының Маңғыстау ауданы бойынша білім бөлімінің «Шетпе гимназиясы» КММ «Шетпе гимназиясы» КММ –дегі ата- аналар жиналысының**

**Хаттамасы №6**

8.11.2023 жыл
Төрайым: Г.Нұрмағамбетова
Хатшы: С. Аманқосова
Қатысу керек: 9
Қатысқандар: 8

Г.Нұрмағамбетова-мектеп директоры, Ж.Есбергенова-мектеп психологі, С. Аманқосова-ДТЖО, С. Калбаева-10 сынып жетекшісі, Ж. Бекболатова-8 сынып жетекшісі, ата-аналар

**Күн тәртібінде**

1. Мектепте сабаққа үнемі кешігіп келетін оқушылардың ата-аналарымен бірге балаларға түзету жұмыстарын жүргізу – ДТЖО С. Аманқосова.

**Тыңдалды:**

Мектепте сабаққа үнемі кешігіп келетін оқушылардың ата-аналарымен бірге балаларға түзету жұмыстарын жүргізу. Балалрдың күнделікті сабаққа қатысы, уақытында келуі күнделікті тексеріліп отырады. 10-сынып оқушылары Ғалым Береке, Төлеп Гүлдана, 8-сынып оқушысы Хамзе Шыңғыс үнемі кешігіп келеді. Бірнеше рет ескерту жасадық, бірақ нәтиже болмай отыр. Бұл балалар басты назарда тұрады енді.

**Сөйлеу:**

Сынып жетекші С. Калбаева – оқушыларға түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Түсініктемесі алынды. Ата-аналарына ескертілді.

Мектеп психологы Ж.Есбергенова – оқушылармен жеке кеңестер өткіздік. Мінездері бірқалыпты, темпераменттері анықталды, темперамент ерекшеліктері, отбасындағы әлеуметтік-психологиялық жағдайы (салауатты өмір салтын сақтану, ерте ұйықтау) туралы кеңестер берілді.

Ата-ана: Баламды таңертең ерте тұрғызамын. Өзі ұзақ дайындалып үйден шығып болмайды

Басқа сөйлеу, сұрақ болған жоқ.

**Қаулы етті:**

1. Мектепте сабаққа үнемі кешігіп келетін оқушылардың ата-аналарымен бірге балаларға түзету жұмыстарын жүргізу таныстырылды деп табылсын.
2. Осы оқушылармен әрі қарай жұмыс жүргізу, іс-шараларға белсенді қатыстыру ДТЖО С. Аманқосова, психолог Ж. Есбергеноваға және сынып жетекшілеріне тапсырылсын.

**Мектеп директоры:** **Г.Нұрмағамбетова**
**ДТЖО:** **С. Аманқосова**

Сканировано с CamScanner

**Бекітемін:**
**«Шетпе гимназиясы» КММ**
**директоры: Г. Нурмагамбетова**

**«Шетпе гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі 2023-2024 оқу жылында мектепшілік есебінде тұрған оқушылармен құқықтық тәрбие жұмыстарын жүргізу және профилактикалық іс-шаралар жоспары (ДТЖО, психологтың, әлеуметтік педагогтың) бірлескен жоспары**

| № | Іс-шаралар | Мерзімі | Жауаптылар |
|---|---|---|---|
| 2 | Есепте тұрған оқушылардың жеке деректерін жинақтау.<br>Психологиялық ерекшеліктерін зерттеу. | Қыркүйек | Сынып жетекшісі<br>Мектеп психологы |
| 3 | Есепке алынған оқушылармен жеке әңгіме | Уақытында | Мектеп психологы<br>Сынып жетекшісі |
| 4 | Оқушының сабаққа қатысуын бақылау | Үнемі | ДТЖО<br>Сынып жетекші |
| 5 | Ата-анамен жұмыс (кеңес беру) | Уақытында | Тәрбие орынбасары<br>Сынып жетекшісі<br>Мектеп психологы<br>Әлеуметтік педагог |
| 8 | Сауалнама, әңгіме жүргізу | Желтоқсан | Мектеп психологы |
| 9 | Спорттық секцияларға, үйірмелерге қатысуын бақылау | Үнемі | Тәрбие орынбасары<br>Сынып жетекшісі<br>Үйірме жетекшілері |
| 10 | Тәрбиелік шараларға, жарыстарға оқушыларды қатыстыру | Үнемі | Тәрбие орынбасары<br>Сынып жетекшісі<br>ҚББП |
| 12 | Оқушының денсаулығын қадағалау, психологиялық жағдайын бақылау | Күнделікті | Мектеп дәрігері<br>Мектеп психологы<br>Сынып жетекшісі |
| 13 | Сыныптастары мен достарының пікірін сұрау | Наурыз | Сынып жетекші<br>Психолог<br>Әлеуметтік педагог |
| 14 | Есепке алынған балалардың ата-аналарымен жеке кездесу, сұхбаттасу | Сәуір | Психолог<br>Әлеуметтік педагог<br>ДТІЖО |
| 15 | Жылдық атқарылған жұмыстарды талқылау | Мамыр | Құқықтық кеңес мүшелері<br>Сынып жетекшісі |

Сканировано с CamScanner

**Мектепішілік есепте тұрған оқушылар**

| № | Оқушының аты-жөні | Сыныбы | Себебі |
|---|---|---|---|
| 1 | Ғалым Береке | 10 | Сабаққа жиі кешігеді |
| 2 | Хамзе Шыңғыс | 8 | Сабаққа жиі кешігеді |
| 3 | Төлеп Гүлдана | 10 | Сабаққа жиі кешігеді |
| 4 | Бөлекбаева Аягөз | 6 | Сабақтан жиі қалатын |

Сканировано с CamScanner

## 23. Соңғы 3 жыл бойынша құқық бұзушылықтың, қылмыстың сраптамасы бойынша ақпарат

| № | Жылдар | Құқық бұзушылық бойынша | Қылмыс бойынша |
|---|---|---|---|
| 1 | 2021-2022 | жоқ | жоқ |
| 2 | 2022-2023 | жоқ | жоқ |
| 3 | 2023-2024 | жоқ | жоқ |

## 24. Құқық бұзушылыққа бейім оқушыларды есепке алу бойынша

| № | Жылдар | Тіркелген бала саны |
|---|---|---|
| 1 | 2021-2022 | жоқ |
| 2 | 2022-2023 | жоқ |
| 3 | 2023-2024 | жоқ |

## 25. Соңғы 3 жыл бойынша зорлық -зомбылық бойынша орын алған факті

| № | Жылдар | Тіркелген бала саны |
|---|---|---|
| 1 | 2021-2022 | жоқ |
| 2 | 2022-2023 | жоқ |
| 3 | 2023-2024 | жоқ |

## 26. Қиын жағдайдағы балалары туралы банк деректері

| № | Жылдар | Тіркелген бала саны |
|---|---|---|
| 1 | 2021-2022 | жоқ |
| 2 | 2022-2023 | жоқ |
| 3 | 2023-2024 | жоқ |

## 27. Өгей әке-шешемен тұратын бала туралы мәлімет

| № | Жылдар | Тіркелген бала саны |
|---|---|---|
| 1 | 2021-2022 | жоқ |
| 2 | 2022-2023 | жоқ |
| 3 | 2023-2024 | жоқ |

Сканировано с CamScanner

**Маңғыстау облысының білім басқармасының Маңғыстау ауданы бойынша білім бөлімінің «Шетпе гимназиясы» КММ**

**«Шетпе гимназиясы» КММ –дегі оқушылар жиналысының**

**Хаттамасы №3**

05.12.2023 жыл
Төрайым: Г.Нұрмағамбетова
Хатшы: С. Аманқосова
Қатысу керек: 124
Қатысқандар: 105

**Күн тәртібінде**

1. Жасөспірімдер арасында кездесетін қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын-алу, нашақорлықпен күрес, жол-көлік оқиғасының алдын алу.

**Тыңдалды:**

**1.** Кәмелетке толмағандар жөнінде мектеп инспекторы С. Кенжеахметова Жасөспірімдер арасында кездесетін қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын-алу, нашақорлықпен күрес, жол-көлік оқиғасының алдын алу туралы айтып өтті. Қылмыс дегеніміз не, қандай түрлері, санаттары, Нашақорлықтың ғасыр дерті екенін, наша түрлерін, кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында нашақорлық, синтетикалық есірткі түрлері психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынудың алдын алу, темекінің зияндылығы туралы ақпараттар алмасып, салауатты өмір салтын ұстану және насихаттау, тәуелділікке ұшырағанда не болатынын және жол-көлік оқиғалары, жасөспірімдердің көлік айдамау керектігі, айыппұлдар туралы түсіндірді.

**Сөйлеу:**

**Мектеп тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С. Аманқосова**: Мектепте ішкі істер органымен бірлескен жұмыс жоспары жасақталып, жұмыс жүргізіліп жатыр. Мектепішілік рейдтер, кешкі рейдтер өткізіліп тұрады.

**Қаулы:**

1. Жасөспірімдер арасында кездесетін қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын-алу, нашақорлықпен күрес, жол-көлік оқиғасының алдын алу таныстырылды деп табылсын;

**Мектеп директоры** **Г.Нұрмағамбетова**

**ДТЖО** **С. Аманқосова**

Сканировано с CamScanner

**Маңғыстау облысының білім басқармасының Маңғыстау ауданы бойынша білім бөлімінің «Шетпе гимназиясы» КММ**
**«Шетпе гимназиясы» КММ –дегі оқушылар жиналысының**

**Хаттамасы №4**

25.12.2023 жыл
Төрайым: Г.Нұрмағамбетова
Хатшы: С. Аманқосова
Қатысу керек: 98
Қатысқандар: 92

**Күн тәртібінде**

1. Жасөспірімдер арасында қылмыс және құқық бұзушылықтың, нашақорлықтың, зорлық-зомбылықтың, бопсалаудың, жол-көлік оқиғасының, пиротехникалық заттардан зақымданудың алдын алу, оқушыларға ҚР ІІМ-нің оқу орындары туралы ақпарат беру

**Тыңдалды:**

1. Жасөспірімдер арасында қылмыс және құқық бұзушылықтың, нашақорлықтың, зорлық-зомбылықтың, бопсалаудың, жол-көлік оқиғасының, пиротехникалық заттардан зақымданудың алдын алу туралы Маңғыстау ауданы Пб ЖПҚб ЮПТ аға УПИ полиция майоры Жалғасбаев Асан Тастыбаевич таныстырып өтті. Қазіргі таңда облыс көлемінде құқықбұзушылықтың өршіп тұрғанын, кешкі 22:00 мен 6:00 аралығында ата-ана қарауынсыз үйден шығуға болмайтынын, Ойын ойнайтын жерлерде 21:00ден кейін баруға болмайтынын айтты. Қазіргі таңда кеңінен таралғанэлектронды темекі, нашақорлық туралы кеңінен түсіндіріп, зардаптарын ескертті. Жол көлік оқиғасы әлі де азаймай отыр. 9-11 сынып оқушылары арасында ата-анасының көлігін айдайтын балалар, мопед, мотоцикл айдайтын балалардың бар екенін айта келіп, өмір өз қолыңызда, көлік айдағанда салынатын айыппұлдармен таныстырды. Жаңа жыл мерекесі жақындап келе жатыр, сондықтан пиротехникалық заттардан зақымданудың алдын алу шараларына толық тоқталды. Оқушыларға ҚР ІІМ-нің оқу орындары туралы ақпарат беріліп, қызығушылық танытқан балалрға егжей-тегжейлі түсіндіріп, оқуға түсуге шақырды

**Сөйлеу:**

**Мектеп тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С. Аманқосова**: Оқушыларға құқықбұзушылықтың алдын алу, зиянды әдеттер туралы түсінік берілді. Ұлдар жиналысында көлік айдамау туралы үнемі айтылып отырады. Жаңа жыл мерекесі кезінде сақтық шараларын сақтауды түсіндірдік.

**Қаулы:**

1. Жасөспірімдер арасында қылмыс және құқық бұзушылықтың, нашақорлықтың, зорлық-зомбылықтың, бопсалаудың, жол-көлік оқиғасының, пиротехникалық заттардан зақымданудың алдын алу туралы таныстырылды деп табылсын;
2. Оқушыларға, ата-аналарға түсінік жұмысын жүргізу ДТЖО С. Аманқосоваға міндеттелсін;

**Мектеп директоры** — **Г.Нұрмағамбетова**
**ДТЖО** — **С. Аманқосова**

Сканировано с CamScanner